



ТУРАН-КАЗАЛЫ



№55
(2120)
Сенбі
10 маусым
2023 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОТБАСЫЛЫҚ АНСАМБЛЬДЕР БАЙҚАУЫ

Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығында күйші, қобызшы, музыкант Махамбет және Романқұл Әуезовтер атындағы республикалық дәстүрлі отбасылық ансамбльдер байқауы өтті.

Байқауға Тараз, Атырау, Ақтөбе қалалары мен Арал, Шиелі, Сырдария аудандарынан халықтық отбасылық ансамбльдер қатысты.

Қонақтар алдымен Әуезовтер атындағы халықтық отбасылық ансамблінің 45 жылдығына арналған көрмемен танысты. Мұнан соң көпшілікке байқауға қатысушы ансамбльдер таныстырылды.

Байқауды аудан әкімінің міндетін атқарушы Күнтілес Назымбеков сөз сөйлеп ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Әуезовтер отбасына облыс әкімінің орынбасары Н.Амановтың, аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың Құттықтауы табысталды.



Өнер шарасына қатысушылар «Әуезовтер» халықтық ансамблінің 45 жылдығына орай жарық көрген «Өнерімен өркендеген әулет» атты кітаптың тұсаукесерінің куәгері болып, ансамбльдердің өнерін тамашалады.

Дарынды отбасылардың өнеріне ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің

иегері, күйші-қобызшы Арман Әуез, Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі, ҚР «Мәдениет қайраткері», «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Сәукен Әліш, Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжінің оқытушысы Төлеген Каденов, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, Шым-

кент Саз колледжінің ұстазы, филармонияның ұлттық оркестрінің, опера театрының симфониялық оркестрінің концертмейстері Космонавт Аюбаев, Қазалы ауданының білім саласының ардагері, «Атамұра» халықтықардагерлер ансамблінің сүйемелдеушісі, дирижер, қобызшы Ерпазыл Жүсіп қазылық етті.

Нәтижесінде республикалық байқаудың бас жүлдесі Ақтөбе қаласынан келген «Шашу» халықтық отбасылық ансамбліне бұйырды. Бірінші орын сырдариялық «Сәдуақасовтар», екінші орын Атырау қаласынан келген «Қарабалиндер» және үшінші орынды Тараз қаласынан «Жаңабаявтар» халықтық отбасылық ансамблі иеленді. Ал арнайы жүлдеге Арал ауданынан келген «Қадырқұловтар» отбасы қол жеткізді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

●Баспасөз - 2023

АЙМАҚТЫҢ БАС ДӘРІГЕРІ АУДАНҒА ІС-САПАРМЕН КЕЛДІ



Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Искаков жұмыс сапарымен Қазалы ауданында болды.

Аймақтың бас дәрігері аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетовпен бірге «Бозкөл» ауылдық округіне барып, жаңадан бой көтеретін амбулаторияның орнын көрді.

Сондай-ақ, Қазалы қаласындағы «Шипагер» дәрігерлік амбулаториясының жұмысымен танысты.

«Жетес би» дәрігерлік амбулатория ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарымен танысқан Олжас Ермеқұлы аудандық емханада болып, ақ халатты абзал жандармен кездесті.

Сондай-ақ, өңірдің бас дәрігері аудандық көп бейінді орталық аурухана мен орталық жедел жәрдем көмек көрсету стансасына және теміржол ауруханасына да аялдады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Искаков пен аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, талап-тілектерін тыңдады.

Айта кетейік, өңірдің бас дәрігерінің ауданға сапары кезінде Қазалы ауданаралық ауруханасының бас дәрігері Бақыткүл Әлішева бірге жүрді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

2023 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2023 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

ЕЛ МАҚТАНЫШЫ – САМҰРАТ ИМАНДОСОВ!

Біздің әңгімеміз қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Рза» акционерлік қоғамының президенті Самұрат Жұманұлы Имандов жайлы. Сөкеңнің есімі аудан, облыс жұртшылығына ғана емес елімізге кеңінен танымал. Өйткені ол басқаратын «Рза» акционерлік қоғамының жетістіктері мен толағай табыстары, ауқымды істері қалай мадақтауға да тұрарлық. Ал, акционерлік қоғам мұндай биік белестерді қалай бағындырды. Ол жөнінде сәл кейінірек.

Самұрат Имандов Қазалының тумасы. Сегіз жылдық мектептен соң техникумда «техник-механик» мамандығын, институтта «инженер-гидротехник» мамандығын алған.

Айтулы азаматтың өмір дерегіне сүйенсек еңбек жолын 1969 жылы Қазалы аудандық суландыру жүйесі басқармасында инженер-экономист болып бастаған. Одан инженер-гидротехник қызметіне ауысқан. Қолынан іс келетіне көзі жеткен соң басшылар оны басқарманың құрлыс бөлімінің басшысы етіп тағайындады. Қазақстан Республикасы Су шаруашылығы министрлігіне қарасты №64 жылжымалы механикаландырылған колоннада аға прораб, бас инженер қызметтерін абыроймен атқарып, колонна бастығының орынтағына отырды. Білікті, ұйымдастырушылық қабілеті мол азаматтың одан кейінгі өмір жолы өрлеумен сипатталады. Аудандағы ең ірі ұжым №86 («Главриссовхозстрой») механикаландырылған колоннаның бастығы қызметі лауазымына көтерілді. Оны айтасың «Казалинскводстрой» тресінің басқарушысы қызметіне жоғарылады. Осы қызметтен Қазалы ауданының әкімі болып тағайындалып, ауданның экономикасының артып, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына үлес қосты.

Самұрат аға Жұманұлы да өзіміздей қарапайым пенде. Деседе лауазымды қызметтен түскен соң жабығып, жасыған жоқ. Қызмет қолдың кірі екенін айғақтап, өзіне берілген қызметті қорашсынбай, тегінен бойына дарыған қайсарлықпен жетістікке жетуге құлшынып, өзін іспен көрсетуді алдына мақсат етіп қойды. Ол мақсатына жетті де. «Жер-Су» акционерлік қоғамының вице-президенті, қызметтерін атқарған кезде көпшілік Имандовтың алымдылығын, шалымдылығын, ерен ұйымдастырушылық қабілетін, білімінде, білігінде анық аңғарды.

Еліміздегі өзгерістерге байланысты нарық талабына сай жаңаша жұмыс атқаруды көздеген Самұрат аға 2000



жылы 15 қыркүйекте «РЗА» акционерлік қоғамын құрды. Бұл облыстағы қуатты техникалық және өндірістік материалдық базасы бар кәсіпкерлік субъектісі. Акционерлік қоғамның құрамында «Рза-Агро», «Рза-Транс», «Рза-Сүт», «Рза-Асыл түлік», «Рза-Нан», «Рза-Мұнай-газ құрылыс» сынды алты жауапкершілігі шектеулі серіктестік бар. Оларда 832 адам жұмыспен қамтылған. Демек, олардың отбасындағы 4000 мыңнан астам адам күнкөріс деңгейімен қамтылды деген сөз.

Атап айтсақ, «Рза» акционерлік қоғамы көп салалы кәсіпорын. Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізетін I категориялық мемлекеттік лицензияның иегері. Акционерлік қоғамның атқарған жұмыстарына жеке-жеке тоқталсақ, экологиялық апат аймағында орналасқан көршілес Арал, Қармақшы және Қазалы аудандарының халқын ауыз сумен қамту мәселесін шешуге тікелей атсалысты. Нақтырағы «Арал-Сарыбұлақ» су кешені құрылысының IV, V кезеңін салуға қатысты. Арал ауданының 8 аулын «Арал-Сарыбұлақ» су құбырына қосты. Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы мен 17 ауылды таза ауыз сумен қамтамасыз етті. Қармақшы ауданы орталығының 2-ші кезектегі су құбырын жаңғыртты. Осындай көлемдегі жұмыстарды атқаруда 13 млрд теңге қаржыны игерді.

Қазалы ауданындағы «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырының №7 насос станциясын қайта жаңартты да жаңғыртты. Қармақшы ауданы, Жосалы кентіндегі су құбыры желілерін және насос станциясын жаңартып, Арал ауданының АСГВ су тарту ұңғымаларына қайта жаңарту жұмыстарын жүргізді. Осының негізінде 1,7 млрд теңге қаржы игерілді.

«Рза»АҚ-ның ұжымы әлеуметтік, мәдени, денсаулық сақтау салаларын дамыту бағытында бірқатар құрылыстар салды. Қазалы қаласында 100 орындық жұқпалы ауруларға қарсы емдеу емханасы кешенін, Ү.Түктібаев аулында ауылдық

амбулаториялық емхана, 150 орындық мәдениет үйін, Әйтеке би кентіндегі темір жол ауруханасының перзентханасын, Ақтан батыр аулындағы 192 орындық мектепті, Бекарыстан би аулындағы 90 орындық, Әйтеке би кентіндегі 250 орындық балабақша құрылысын салып, пайдалануға берді. Оның бәріне 2,6 млрд теңге қаржы жұмсалды.

«Рза» акционерлік қоғамы аудан орталығы мен ауылдық елді мекендерде де тұрғын үй құрылысын салып, 25000 шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берді. Кәрібай шатқалындағы көпірді жөндеп, қалыпты жұмыс жағдайына келтірді. «Тасарық» аулындағы «Ердес», «Қарарық», Бектібай, «Жайқұнақ», «Теріскенді», «Бозаша», Өтеміс, «Қызылой» каналдары құрылысын қайта қалпына келтірді. Әбекен каналын кеңейтіп, тереңдетті. Ұлттық Банктің, аудандық суландыру жүйесі басқармасының, аудандық санитарлық – эпидемиологиялық станциясының әкімшілік ғимараттарын салды. Осылайша 38 млн теңге қаржыны игерді. Аудан орталығындағы жылу жүйелерін жаңғыртып, іске қосу арқылы 850 млн теңге қаржы жұмсады.

Акционерлік қоғамның жұмысшы-қызметкерлерінің ынтымақты еңбегінің нәтижесінде аудан көлемінде 20 000 гектар жер мелиоративтік – инженерлік жүйеге келтіріліп, коллекторлық-дренаждық жүйесі инфрақұрылымымен толықтай іске қосылды. Коллекторлар жүйесі: К-2, К-2-1, К-2-2 су қашыртқылары толық жөнделді. Оларды атқаруға 1,2 млрд қаржы жұмсалды.

Қаржысы мол азамат өзі туып өскен жердің халқы дағдарысқа ұшырап, шаруашылықтар таратылып, жұмыссыздық белең алған тұста халыққа көмек қолын созып, Ү.Түктібаев, Бекарыстан би, «Майдакөл» Абай мен Мұратбаев ауылдарына инвестиция салып, ауылдастарының еңсесін көтерді. Нәтижесінде ауылдарда егін шаруашылығы дамып, 400 жұмыс орында-

ры ашылды. Ауыл көркейіп, инфрақұрылымы жақсарды. 11,3 млрд теңге инвестиция салғанының арқасында инженерлік жүйеге келтірілген егіс алқаптарының көлемі артып, өнімді көбейтуге қол жеткізілді. Қуаттылығы жоғары отандық және алдыңғы қатарлы замануи үлгідегі шетелдік ауыл шаруашылығы техникаларымен жарақтандырылды.

Акционерлік қоғам дәнді дақылдар мен мал азығы дақылдарын өсіріп, оны өңдеп, өткізумен айналысады. 34029 гектар жер учаскесін уақытша жалға пайдалану құқығын иеленген. 7314 гектар егістік, 2606 гектар шабындық, 18557 гектар жайылымдық, 5552 гектар жер учаскесін ауыл шаруашылығы мақсаттарына пайдалануда. 3000 гектар күріш, 150 гектар бидай, 500 гектар сүрлемдік жүгері, 1200 гектар жаңа-көне жоңышқа күтімге алынды. Бұл ретте күріш өндірудің кластерлік жүйесі толығымен жолға қойылған. Яғни, күрішті егіп, өңдеп, тұтынушыға дайын өнім сатылады. Күріш өнімдерін өңдеу зауыты және сақтау базасында Оңтүстік Кореялық «Korea Industrial CO LTD» компаниясының сағатына 5,5 тонна күріш ақтайтын технологиялық желісі орнатылған. Жаңа технология мен жабдықталған күріш өңдеу кешені мемлекеттік стандартқа сай жоғарғы сортты Янтарь, Новатор, Лидер Фишт күріштерін шығарады. Зауыт жылына 12000 тоннаға дейін қара салы қабылдап, 6000 тонна күріш өндіреді. Өндірілген күріш «Рза» логотипімен арнаулы қаппен қапталып шығарылуда. Күріш өнімдерінің 90 пайызы экспортталып, Ресей, Украина, Түрікменстан, Тәжікстан, Монғолия мемлекеттеріне сатылады. Барлық өнім сапасы жағынан халықаралық стандарттарға сай сертификатталып, 150 сертификаттар жүйесі толығымен енгізілген.

Акционерлік қоғам өндіріске өндірістік кластерлік жүйені енгізіп, 2010 жылы ірі инвестициялық жобаны жүзеге асырды. Экспортқа бағытталған сүт және ет өнімдерін өндіру үшін типтік жобадағы тауарлы сүт фермасы мен ауысымына 30 тонна сүт өңдейтін сүт зауыты салынды. Осыған орай 2010 жылы Венгриядан 660 бас, 2019 жылы Германиядағы 300 бас голштинфриз асыл тұқымды қашарлар әкелінді. Олардың саны қазір 1655 басқа жетті. Әрбір сауын сиырдан жылына 8100 литр сүт сауылып, жылына 6500 тонна сүт өндіріледі. Ұжым малды өз төлі есебінен көбейтуге қол жеткізіп, 2015 жылы «Қаз Агро Қаржы» АҚ-на 200 бас голштинфриз тұқымды аналық қашарларды сатты.



ЕЛ МАҚТАНЫШЫ – САМҰРАТ ИМАНДОСОВ!

Кешенге қажетті заманауи құрал-жабдықтар Голландия, Ирландия, Германия мемлекеттерінен алынған. Тәулігіне 30 тонна сүт өңдейтін сүт зауыты Еуропаның озық технологиялық құрал-жабдықтарымен жабдықталған. Зауытта пастерленген сары май, құрт, йогурт өнімдері шығарылады. Өнімнің сапасы жақсы. Оның дәлелі зауыт өнімдері 2011 жылы «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көркем-конкурсының «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталды. 2014 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығының «Халық тұтынатын өндіруші Үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша лауреат атанды. 2015 жылы Минск қаласында ТМД елдері арасында өткізілген «Тауар сапасы және қызмет көрсетудегі жетістіктері» номинациясы бойынша диплом иеленді.

«Рза» акционерлік қоғамының құрамындағы «Рза-Нан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 12 түрлі нан өнімін шығарады. Еуропалық стандартты «Ревента» нан пісіру пеші ауысымда 3155 келі нан өнімдерін шығаруға қауқарлы. Серіктестікте шұжық цехы жұмыс істейді. Германиялық «DUCK Export-Import-Vermittlungen» компаниясымен келісім-шарт жасалып, шұжық цехына құрал-жабдықтар алынып, іске қосылған.

Акционерлік қоғам мал

сатып әкелінген.

Сондай-ақ, «Рза» акционерлік қоғамы ауыл шаруашылығы саласындағы жаңалықтарды өндіріске енгізуге әрдайым баса мән береді. Сондықтан Қызылорда облысында алғашқы болып егісті жаңбырлатып суару жүйесін іс жүзінде жүзеге асырды. Ол үшін 2020 жылы 87 гектар жүгері алқабын суару үшін құны 202,1 млн теңге тұратын Испания мемлекетінің «Риэгос Агриколас Эпаньолэс А» компаниясынан «Спринклерлық жаңбырлату жүйесі» қондырғысын сатып алды. Жаңбырлатып суарудың пайдалылығына көз жеткізген соң, әрі тауарлы сүт кешенінің жемшөп базасының ұлғаюына байланысты 1061,81 гектар жерді жаңбырлатып суару үшін қажетті құрал жабдықтарды алуға жоба құжаттар дайындалуда. Жобаның құны 3,1 миллиард теңгені құрайды.

Акционерлік қоғамның президенті Самұрат Имандосов ағамыз ұжым өндірісін кеңейтіп, мол табысқа кенелумен қатар аудан халқына көмек көрсетуді бір сәтестен шығарған емес. Мәселен, әлеуметтік тұрмыс деңгейі төмен отбасыларын қатты отынмен, азық-түлікпен, киім-кешекпен, дәрі-дәрмекпен, тиісті құжаттарын рәсімдеуге 1,5 млн теңге қаржы бөлді. Ұлы Отан соғысы мен ауған ардагерлерін газет-журналдарға жаздырып, азық-түлік, құнды заттармен қамтамасыз етуге 850 мың теңге, мүмкіндігі шектеулі



мен күрделі жөндеу жұмыстарына 2 млн теңге қолдау көрсеткен. Білімді жастарды қолдау мен шәкірт ақы төлеу, жоғары оқу орнының ақысын төлеу, ноутбукпен, компьютермен, кітаптармен және тұрақты жұмыспен, тұрғын үймен қамтамасыз етуге, тағы басқаларына 23,2 млн теңге қаржы бөлген. Наурыз мерекелік шараларын ұйымдастыруға (аудан ардагерлеріне мерекелік дастархан жаю, азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, т.б.) 9 млн теңге, жаңа жыл мерекелік іс-шараларын ұйымдастыруға (бағалы сыйлықтар) 12 млн теңге, Құрбан айт мерекесіне (құрбандықтар шалу, құрбандыққа шалынған мал етін тұрмысы төмен отбасыларға, жетім жесірлерге таратып беруге) 6 млн теңге, мешіттерде ауыз ашар өткізуге 12 млн теңге, мектепке жол акциясына (тұрмысы төмен отбасы мен жетім балаларды оқу құралдарымен, мектеп формасымен, ноутбукпен, компьютермен, интернет желісімен, тағы басқа қажетті заттармен қамтамасыз етуге) 1 млн теңге, жұмысшы-қызметкерлерге материалдық көмек беруге 25,8 млн теңге жұмсалған. Ардагерлер мен жұмысшы-қызметкерлердің шипажайда демалуына 2,1 млн теңге, облыс, аудан көлеміндегі қолдауды қажет ететін шараларға 4,5 млн теңге, барлық демеушілік, қайырымдылық шараларына 114,6 млн теңге көлемінде қаражат жұмсалған.

Ерекше атап айтар жағдай, баршамыз мақтан етер дерек, ұжымды өрге сүйреген көшбасшы азамат Самұрат аға Жұманұлы Имандосов өз қаражаты есебінен Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық деңгейін көтеруге 17,5 млрд теңге қаржы жұмсаған. Мұндайда мақтансақ, Самұрат ағамен мақтанайық деген сөз ойға бірден орала кетеді.

Иә, Самұрат Жұманұлы тау тұлғалы азамат. Ел мақтанышы, іскер, ұйымдастырушылық қабілеті ерен, білікті басшы. Қайсар мінез иесі. Сөзімен ісі сай жан. Халықтың, әсіресе аз қамтылған жетім-жесірлеріміздің қамқоршысы. Ұжым мүддесін қорғағанда батыр да, батыл, шыншыл. Жоғары лауазымды

басшының алдында да еңсесін биік ұстайтын, айтарын кесіп айтатын текті. Тайталаста өліспей беріспейтін жанкешті.

Самұрат Имандосов еліміз бен өңірдің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысуымен өзіне артылған сенімді абыроймен атқарған парасат иесі. Сондықтан болар ел игілігі жолындағы еңбегі лайықты бағаға ие. 1980 жылы «Құрмет белгісі», 2001 жылы «Құрмет», 2007 жылы «Парасат», 2018 жылы «III дәрежелі Барыс» ордендерімен, 1998 жылы «Астана», 2006 жылы «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл», 2011 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалдарымен наградталды. 2009 жылы «Қазақстан Республикасының құрметті құрлысшысы», осы жылы Қазалы ауданының құрметті азаматы, 2011 жылы Қызылорда облысының құрметті азаматы, 2014 жылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласының үздік қызметкері атануы ұзақ жылдар төгілген маңдай тердің, жанкештілікпен атқарылған еңбектің, мазасыз күндердің, қиындықпен белдескен, жүйкеге салмақ түсірген сәттердің, жүрекке ауырлық әкелген күндердің өтеуіндей қуанышпен бағаланған сәт екенін айғақтап тұрғандай.

Самұрат аға жайында әңгімелегенде оны дүниеге әкелген ата-анасын тілге тиек етпеу күнә болар еді. Жұман ағамыз елге сыйлы, айналасына қадірлі, қамқор, ардагер болған. Ұлы Отан соғысына қатысқан қайсар жан. Абзал жанның тектілігі баласы Самұратқа да дарыған. Сәкеңнің азаматтық биікке көтеріліп, еңбекте жоғары жетістіктерге жетуі ата-анасының берген өнеге-тәрбиесінің жемісі. Анасы отбасының ұйытқысы болған, ақылы кемел, ағайынды жанына топтастырған, өзі үлкендерді қалай сыйласа, жастарға өзін солай сыйлатқан, адал жар, салиқалы әже болған деседі білетіндер.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»
газетінің
бас редакторы



шаруашылығымен де айналыс-ды. Қарақұм беткейінде қазақтың жабы, Мұғалжар тұқымды 992 бас асыл тұқымды жылқысы, айыр өркешті асыл тұқымды 417 бас түйе, қазақтың қылшық жүнді және Еділбай тұқымды 866 бас асыл тұқымды қойлары бағылып, күтімге алынып, өсірілуде. Мал басын асылдандыру үшін Ақтөбе облысынан асыл тұқымды 10, Мұғалжар, Жабе асыл тұқымды 15 айғыр, Қарағанды облысынан Мұғалжар асыл тұқымды 15 айғыр, Атырау облысынан 50 бас Еділбай тұқымды қошқар 4 бас асыл тұқымды Орал Бөкей атты қазақтың айыр өркешті бұрасы

ардагерлердің, жалғыз басты жандардың азық-түлігі мен дәрі дәрмегі, тұрмысқа қажетті заттарына 1,1 млн теңге, жетім-жесірлерге 510 мың теңге көмек көрсеткен. Оны айтасың ауылдық жерлердегі елді мекеннің әлеуметтік деңгейін көтеруге, көркейту, көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге 11 миллион теңге қаржы аударып берген. Салауатты өмір салтын ұстанатын спортшылардың киім-кешектері, спорт құралдарын сатып алуына 700 мың теңге шығындаған. Өнерлі жастарды қолдауға 600 мың теңге, шығармашылық жұмыстармен айналысатын азаматтарды қолдауға 850 мың теңге, мешіттерді салу

**ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БӨЛШЕК САЛЫҚТЫҢ
АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІНІҢ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН
ТӨМЕНДЕТУ ТУРАЛЫ**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қазалы ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесін салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Лауазымы**Аты-жөні****ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫ ШЕШІМІНІҢ ЖОБАСЫНА
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

№	Шешімнің жобасында көрініс табуы тиіс болған мәліметтердің тізбесі	Мемлекеттік органның – әзірлеушінің ақпараты
1.	Аудандық мәслихаттың Шешімі жобасының атауы	Қазалы ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимінің мөлшерлемесін төмендету туралы
2.	Жоба әзірлеуші мемлекеттік орган	«Қазалы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
3.	Жобаны қабылдау қажеттілігінің негіздемесі	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексі
4.	Іске асыру мақсатымен қандай заңнамалық актілер, ҚР Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, басқа да актілер мен тапсырмалар жобаға енгізіледі	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес
5.	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімі	Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесін салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға дейін төмендету
6.	Жобада көрсетілген мәселелер құзыретіне жататын мемлекеттік орган басшысы бұрыштамасының болмау себептері	Жобада көрсетілген мәселелер құзыретіне жататын барлық мемлекеттік органдар басшыларының және мамандарының бұрыштамалары бар
7.	Жобада қаралған мәселелер бойынша бұдан бұрын қандай актілер қабылданды және олар қалай орындалғаны туралы мәліметтер	Жоқ
8.	Басқа актілерді жобаға сәйкес келтірудің қажеттілігі	Жоқ
9.	Басқа мәліметтер	АСР мөлшерлемесін 4 пайыздан 2 пайызға төмендету (жұмыскерлер саны 200 адамнан аспайтын, табысы 600 000 АЕК-тен аспайтын, осы режимді қолдану мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 мамырдағы №393 қаулысымен айқындалған қызметтің бір немесе бірнеше түрін ғана жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін) бизнес-ахуалды жақсартуға, салық жүктемесін төмендетуге, бизнесті заңдастыруға және кәсіпкерлік сектордың іскерлік белсенділігін арттыруға ықпал ететін болады

«Қазалы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» КММ басшысы

А.Бөріқұлақов**О ПОНИЖЕНИИ РАЗМЕРА СТАВКИ СПЕЦИАЛЬНОГО
НАЛОГОВОГО РЕЖИМА РОЗНИЧНОГО НАЛОГА ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ**

В соответствии с пунктом 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» Казалинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Понизить ставку корпоративного или индивидуального подоходного налога за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима розничного налога в Казалинском районе с 4 (четырёх) процентов на 2 (двух) процентов по доходам, полученным (подлежащим получению) за налоговый период.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2023 года и подлежит официальному опубликованию.

Должность**ФИО****ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА
к проекту решения Казалинского районного маслихата**

№	Перечень сведений, которые должны быть отражены в проекте решения	Информация разработчика - государственного органа
1.	Наименование проекта решения маслихата района	О понижении размера ставки специального налогового режима розничного налога по Казалинскому району
2.	Государственный орган - разработчик	Коммунальное государственное учреждение «Отдел предпринимательства, промышленности и туризма Казалинского района»
3.	Обоснование необходимости принятия проекта	Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)»
4.	Какие законодательные акты, акты Правительства РК, Президента Республики Казахстан, другие акты и поручения включаются в проект с целью реализации	В соответствии с пунктом 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)»
5.	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов	Понижение ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога с 4 (четырёх) процентов до 2 (двух) процентов по доходам, полученным (подлежащим взиманию) в налоговом периоде, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима розничного налога
6.	Причины отсутствия визы руководителя государственного органа, к компетенции которого относятся вопросы, указанные в проекте	Резолюции руководителей и специалистов всех государственных органов, к компетенции которых относятся вопросы, указанные в проекте
7.	Сведения о том, какие акты были приняты ранее и как они исполнялись по вопросам, рассмотренным в проекте	Нет
8.	Необходимость приведения других актов в соответствие с проектом	Нет
9.	Другие сведения	Снижение ставки СНР с 4 до 2 процентов (для налогоплательщиков с численностью работников не более 200 человек, доходом не выше 600 000 МРП, осуществляющих исключительно один или несколько видов деятельности, определенных постановлением Правительства Республики Казахстан для целей применения данного режима №393 от 22 мая 2023 года) будет способствовать улучшению бизнес-климата, снижению налоговой нагрузки, повышению будет способствовать легализации и повышению деловой активности предпринимательского сектора

Руководитель

КГУ «Отдел предпринимательства, промышленности и туризма Казалинского района»

А.Бөріқұлақов

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru**Таралымы 11017 дана.**